



Published on Информационно-Аналитический центр (<http://iac.kz>)

[Home](#) > Ғалымдар «қаржыландыруды алу үшін үнемі алдайды»

---

*Times Higher Education, 09.03.2016*



Ғалымдар грантқа өтініш жазғанда өз зерттеулерінің ғылыми маңыздылығын асырып үнемі алдайды екен. Бұндай қорытындыға "Зерттеу әсерінің маркетингизациясындағы қулық немесе адалдық" (Artifice or integrity in the marketization of research impact?) жұмысының авторлары келді.

Зерттеу сауалнамасына зерттеулерді қаржыландыруға өтініш жазу және рецензиялауда тәжірибесі бар Ұлыбритания және Австралиядан 50 аға ғылыми қызметкерлер қатысты.

Ғалымдардың пікірінше, гранттық өтініште жазылатын зерттеудің ғылыми маңыздылығы "фарс" немесе "ойдан шығарылған әңгіме" болып табылады. Респонденттің біреуі айтқандай: «Мен оларға сенемін бе? – Жоқ. Бұл маған қаржы алуға көмектеседі ме? – Иә».

Ғалымдар бәсекелестік академиялық ортада "аман қалу үшін" өтірікке баруға мәжбүр деп санайды.

